22986175675

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 9 шілде №4360-25-00-2/1021 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья Б.Е.Елшібековтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшылығында О.А.Хабиевтің отыруымен,
ашық сот отырысында мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Атамұра-Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАП МӘЛІМДЕМЕЙТІН ТАЛАП ҚОЮШЫ ЖАҒЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Каз Элит Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«Қызылорда облысының Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі Б.Б.Бисенбаев
Жауапкер өкілі А.Сахиулы
Үшінші тұлға өкілі С.Ғ.Тоқтамысов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - конкурсты ұйымдастырушы, Басқарма) 2025 жылғы 27 акпанда «Сәтбаев атындағы №216 орта мектебі» КММ ғимаратының терезе жақтауларын ауыстыру жұмысына ашық конкурс ұйымдастырған.

Басқармаға жоғарыда көрсетілген конкурсқа қатысып, конкурс қорытындыларымен келіспеген «Каз Элит Строй Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) тарапынан 2025 жылғы 15 наурызда шағым түскен.

Шағымда конкурсқа қатысқан жауапкер «Атамұра - Жусуп» ЖШС-і ұсынған конкурстық құжаттамаларда өз меншігіндегі 1 дана Газ 33021 маркалы борттық автокөлігі мемлекеттік тіркеу есебінде жоқ. Атап айтқанда мемлекеттік тіркеу нөмірі N859AX, көлік құралын тіркеу туралы куәліктің нөмірі NX №00101018, Газ 33021 маркалы автокөлігі, eGov.kz порталының автокөлік тарихын тексеру сервисі және aster.kz сайтынан тексергенде мемлекеттік тіркеу есебінде жоқ екендігі анықталғаны. Тиісінше, «Атамұра - Жусуп» ЖШС-і ұсынған материалдық ресурсы конкурстың талабына сәйкес емес болып танылатыны. eGov.kz порталының автокөлік тарихын тексеру сервисі және aster.kz сайты арқылы тексерілген скриншот дәлелдемелер осы шағымға қоса ұсынылғаны. Осы аталған себепке байланысты, Заң және қағида шегінде хаттаманы қайта қалыптастыруға ықпал етуді сұраған.

Осы ретте, шағымда көрсетілген ақпараттарды нақтылау мақсатында Басқарма тарапынан Қызылорда облысы Полиция департаментіне 2025 жылғы 17 наурызда №06-05/809 санды хат жолданып, 2025 жылғы 18 наурыздағы №5-54/4097 санды жауап хатқа сәйкес «Атамұра - Жусуп» ЖШС-мен ұсынылған ГАЗ 33021 маркалы борттық автокөліктің (тіркеу нөмірі: N859AX, куәлік нөмірі: NX №00101018) 2013 жылы тіркеліп, 2018 жылғы 25 қаңтарда тіркеу есебінен шығарылғандығы анықталған.

Сәйкесінше талап қоюшы 2025 жылғы 17 сәуірде біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат бергені үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға ұсынған жазбаша қарсы пікірінде 2025 жылғы 13 ақпанға дейін «Атамұра - Жусуп» ЖШС-де басқа құрылтайшы және басшы болып, жаңадан тағайындалған басшыға ол көлік сатылып кеткені туралы ескертпегенін, Серіктестікте басқа да көліктер бар екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі талап қоюда көрсетілген уәждерін қуаттап, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі жазбаша қарсы пікіріндегі уәждерін айтып талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға «Қызылорда облысының Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы» мемлекеттік мекемесі өкілі «Атамұра - Жусуп» ЖШС-і атына мемлекеттік белгісі N859AX «ГАЗ 33021» (VIN: XTH330210W1680001, шасси: 1680001) үлгісіндегі көлік құралы 2013 жылғы 19 қыркүйекте тіркеліп, 2018 жылғы 25 қаңтарда тіркеу есебінен шыққандығы анықталғанын, шешім қабылдауды соттың құзырына қалдыратынын көрсетті.

Үшінші тұлға «Каз Элит Строй Сервис» ЖШС-не сот отырысы туралы тиісті түрде хабарланғанымен, өкілі сотқа дәлелсіз себептермен

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 16.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 06.10.2025

қатыспағандықтан, сот, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабының 4-бөлігіне сәйкес істі көрсетілген үшінші тұлға өкілінің қатысуынсыз қарауға ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 4-тармағының 1)-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 3-бабының 1)-тармақшасына сәйкес анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 14-бабының 1-тармағына сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.

«Атамұра - Жусуп» ЖШС-нің өтінімді қалыптастыру алдында осы конкурстық құжаттамаға 2-қосымшаға сәйкес конкурсқа қатысу туралы келісімді қабылдайды, өз кезегінде конкурсқа қатысу туралы келісімнің 4 және 5-абзацында:

- конкурстық құжаттамамен танысқанымызды және ұйымдастырушыға және конкурстық комиссияға өзінің құқығы, біліктілігі, сапалық және өзге де сипаттамалары (жеткізілетін тауарды (ларды), орындалатын жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) туралы дұрыс емес мәліметтер бергені үшін жауапкершілігі, олардың авторлық және сабақтас құқықтарды сақтауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де шектеулерді сақтауы туралы хабардар етілгенімізді растаймыз;

-конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзімізге аламыз деп нақты көрсетілген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 191-тармағына сәйкес, конкурсқа қатысуға өтінім электрондық құжат нысанында веб-портал арқылы конкурстық құжаттамада көрсетілген оны берудің соңғы мерзімі өткенге дейін

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 16.07.2025
Заңды күшіне енген күні: 26.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 06.10.2025
4360-25-3-1/1027

беріледі және әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада белгіленген талаптарға және шарттарға келісім беру, сондай-ақ әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптары мен Заңының 6-бабында белгіленген шектеулерге сәйкестігін растайтын, өзі туралы мәліметтер алуға келісу нысаны болып табылады.

Сот отырысында анықталғандай, конкурсты ұйымдастырушымен аталған конкурсқа өтінім тапсырған материалдық ресурсында көрсетілген жауапкер «Атамұра - Жусуп» ЖШС-і атына мемлекеттік белгісі N859AX «ГАЗ 33021» (VIN: XTH330210W1680001, шасси: 1680001) үлгісіндегі көлік құралы 2013 жылғы 19 қыркүйекте тіркеліп, 2018 жылғы 25 қаңтарда тіркеу есебінен шыққандығы анықталған. Ал, конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаның 4-тармағына және сметалық құжаттамаға сәйкес әлеуетті өнім берушіде 5 тоннаға дейін жүк тасымалдайтын бортты автокөлік болуы қажет.

Жауапкердің конкурсқа қатысуда біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат бергені туралы фактіні сотқа қатысқан үшінші тұлға Қызылорда облысының Полиция департаментінің әкімшілік полиция басқармасы өкілі де растап бекіткен.

Сонымен бірге, жауапкер өкілінің 2025 жылғы 13 ақпанға дейін «Атамұра - Жусуп» ЖШС-де басқа құрылтайшы және басшы болып, жаңадан тағайындалған басшыға ол көлік сатылып кеткені туралы ескертпеген деген уәжін сот қабылдамайды, себебі жоғарыда көрсетілгендей конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда мұндай дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті әлеуетті өнім беруші өзіне алады.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 17 сәуірде жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайларда, талап қою қанағаттандырылып, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысын өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Атамұра -

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 16.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 06.10.2025

Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Атамұра - Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «Атамұра - Жусуп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтармен шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына АПК-нің 403, 404-баптарының талаптары сақтала отырып, апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Б.Е. Елшібеков**

Құжатқа қол қойылған: Елшібеков Б. Е., 16.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.09.2025, судья Елшібеков Б. Е., 06.10.2025

4360-25-3-1/1027